

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ  
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**



**Тақырыбы: «КЕЛІСІМШАРТ»**

**Орындаған : ОҚЫТУШЫ КУЛЬМАНОВА М.Н.**

**Алматы, 2015**

## МАҚСАТЫ :

Ұсынылған тақырып бойынша құжат түрімен студенттерді таныстыру;

Келісімшарттың жазылу ерекшелігін меңгерту;

Келісімшартты жазу кезінде қолданылатын дайын үлгілер арқылы білімін кеңейту;

Құжат толтыру сауаттылығын арттыру;

## Міндеті :

Құжатты дұрыс жаза  
білуге үйрету ;

Құжат құрылымын  
дұрыс құрастыра  
білуге үйрету ;

Құжатты жеке басына  
орынды қолдана білуге  
үйрету ;

Келісімшарт - жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгіледі, өзгертуді және тоқтатуды реттейтін, нотариалды түрде куәландырылатын ресми құжат.

# КЕЛІСІМШАРТ :

```
graph TD; A[КЕЛІСІМШАРТ :] --> B[Екіжақты келісімшарт]; A --> C[Көпжақты келісімшарт];
```

Екіжақты  
келісімшарт

Көпжақты  
келісімшарт

## **Шарт мынадай жағдайларда жасалады:**

- ◎ 1. Жылжымайтын мүлік жөніндегі мәмілелер:
  - ◎ а) тұрғын үйді сатып алу — сату туралы;
  - ◎ ә) тұрғын үйді сыйға беру туралы;
  - ◎ б) тұрғын үйді ауыстыру туралы.
- ◎ 2. Жер учаскелері туралы мәмілелер:
  - ◎ а) жер учаскесін сыйға беру туралы келісім-шарт;
  - ◎ ә) жер учаскесін ауыстыру туралы келісім-шарт;
  - ◎ б) жер учаскесін сатып алу - сату туралы келісім-шарт.
- ◎ 3. Көлік құралдары жөніндегі мәмілелер:
  - ◎ а) автомашинаны сатып алу — сату жөніндегі келісім-шарт;
  - ◎ ә) автомашинаны кепілге беру жөніндегі келісім-шарт;
  - ◎ б) автомашинаны сыйға беру жөніндегі келісім-шарт.
- ◎ 4. Ақша қаражатын қарызға алу — қарызға беру жөніндегі мәмілелер:
  - ◎ а) пайыз төлеу арқылы ақша алу туралы келісім-шарт;
  - ◎ ә) айып төлеу арқылы ақша алу туралы келісім-шарт.

# Мазмұндық – құрылымдық жүйесі.

1

**Бас жағында келісім жасалған мекенжай және айы, күні, жылы**

2

**Тараптардың аты-жөні, мекен - жайы, жеке куәліктерінің нөмірі, сол куәлікті берген мекеме атауы**

3

**Келісімшарт мәтіні жазылады.**

4

**Соңында келісімшарт нотариалдық кеңседе куәландырылады.**

● **Автомашинаны сату — сатып алу туралы келісім-шарт.**

- Алматы қаласы, Қонаев кошесі, 91-үй, 46-пәтер, бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылғы жиырма бірінші қыркүйек
- (келісім-шарт жасалған мекен-жай және дата сөзбен жазылады)
- Біз, төменде қол қоюшылар, Алматы қаласы "Жетісу" шағын ауданы, 28-үйде тұратын азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлы, жеке басының куәлігі № 548796, Қазақстан Республикасының ІІМ берген. Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 83-үйде тұратын азамат Қайырбаев Серік, жеке басының куәлігі № 478926, Қазақстан Республикасы ІІМ берген, мына туралы осы келісімшартты жасадық:
- 1. Мен, азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлы, "Жигули" маркалы
- жеңіл автомашинаны сатамын, кузовның типі \_\_\_\_\_, шығарылған типі \_\_\_\_\_, шасси нөмірі \_\_\_\_\_, двигатель нөмірі \_\_\_\_\_, мемлекеттік нөмірі \_\_\_\_\_.
- Мен, азамат Қайырбаев Серік, көрсетілген автомашина-ны сатып аламын.
- 2. Көрсетілген автомашина Мемлекеттік автоинспекция 1995 жылғы 7 қаңтарда берген нөмірі 46327 техникалық паспорттың негізінде маған, Өмірбаев Асқар Өмірбайұлына тиісілі.
- 3. Автомашина \_\_\_\_\_ теңгеге сатылады
- (бағасы толық жазылады)
- көрсетілген соманы келісім-шартқа қол қою кезінде азамат Қайырбаев Серік төлейді. Тараптардың қолы
- 1998 жылы 21 қыркүйекте осы келісім-шартты мен, Асқарова Бақыт, Алматы қаласының нотариусы куәландырды.
- (нотариалдық кеңсенің атауы, нөмірі, лицензияның нөмірі көрсетіледі)
- Осы келісім-шартқа менің қатысуым кезінде Тараптар қол қойды, Тараптардың жеке басы анықталды, олардың құқықтық іс-әрекетке қабілеті және автомашинаның Өмірбаев Асқар Өмірбайұлыға тиесілі екендігі тексерілді.
- Сату-сатып алу жөніндегі келісім-шарттың мәтіні дауыстап оқылды.
- Нөмірі 6 тізбегі тіркелген.
- Тариф бойынша \_\_\_\_\_ теңге салық алынды.
- Нотариус \_\_\_\_\_ (қолы)



# НЕГІЗГІ СӨЗДІК

- шарт - договор
- қол қоюшылар - подписавшиеся
- төменде қол қоюшылар - нижеподписавшиеся
- сату — сатып алу - купля-продажа
- маған тиеселі - принадлежащий мне
- жеке басы - личность
- құқықтың іс-әрекетке қабілетті - дееспособность
- анықталды - установлен
- тексерілді - проверен
- тіркелді - зарегистрирован
- қол қойылды - подписан
- мәміле - сделка
- мекенжайда тұратын - проживающий по адресу
- берілген - выданный
- жекеменшік құқығы бойынша - по праву собственности
- келісімшарттың негізінде - на основании договора
- жалпы пайдалы ауданы - общая полезная площадь
- шаршы метр - кв. метр
- құрайды - составляет
- осы уақытқа дейін - до настоящего времени
- тыйым салынбаған - под арестом не состоит
- Бағалау - оценивать

# АВТОМАШИНАНЫ САТУ-САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМШАРТ

Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 91-үй, 46-пәтер, бір мың тоғыз жүз  
тоқсаныншы жылғы жиырма бірінші қыркүйек

Біз, төменде қол қоюшылар, Алматы қаласы, «Жетісу» шағынауданы, 28-  
үйде тұратын азамат Өмірбаев Асқар Өмірбайұлы, жеке басының куәлігі  
5514522; Қазақстан Республикасы ІІМ 1978 жылы 6 маусымда берген.

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 83-үйде тұратын азамат Қайырбеков  
Серік, жеке куәлігі 4522155; Қазақстан Республикасы ІІМ берген,  
мыналар туралы осы келісімшартты жасадық:

*ПАСПОРТТЫҢ НЕГІЗІНДЕ МАҒАН, ӨМІРБАЕВ АСҚАР ӨМІРБАЙҰЛЫНА  
ТИЕСІЛІ.*

*3. АВТОМАШИНА .....ТЕҢГЕГЕ САТЫЛДЫ.  
(БАҒАСЫ ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛАДЫ)*

## СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН АУДАРЫҢЫЗ

- Келісімшарт жасау, мәміле барысында, пәтерді сату –сатып алу туралы келісімшарт, осы уақытқа дейін, тараптардың қолы, жүзеге асырылады, төмендегілер туралы, тұрғын үйді пайдалану ережелеріне сәйкес, пәтерді сатып алдым, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі, келісімшартты ресімдеу, дау-таласта болған жоқ, жекеменшік құқығы бойынша, жалпы пайдалы аумағы

## СӨЗДЕРДІҢ ТҮСІНДІРМЕСІН ТАБЫҢЫЗ

- \_\_\_\_\_ келісімшарт а) ақша не зат түрінде орнына келмеген байлық түрі
- \_\_\_\_\_ тарап б) мемлекеттік қаржының көзі
- \_\_\_\_\_ құқықтық
- іс-әрекетке қабілеттілік в) сатуға, айырбастауға, иеленуге рұқсат ету
- \_\_\_\_\_ тұтқынға алынған жоқ г) жеке тұлғаның заң алдында жауапкершілігін анықтау
- \_\_\_\_\_ салық д) белгілі бір міндеттер мен талаптарды жүйелейтін құжат
- \_\_\_\_\_ шығын е) қарым-қатынасқа түсуші жеке немесе заңды тұлға

# БЕРІЛГЕН СӨЗДЕРДІ ПАЙДАЛАНЫП СӨЙЛЕМ ҚҰРАҢЫЗ

- Екіжақты
- Көпжақты
- Сатып алушы
- Сатушы
- Қол қоюшы
- Куәландырушы
- Салық
- ШЫҒЫН

*ИЕ, КУӘ, КӨМЕК, АЙНАЛУ, КҮН СӨЗДЕРІ  
АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТУЫНДЫ СӨЗДЕРДІҢ  
МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫН ТАЛДАҢЫЗ.*

- Ие - иелік - мемлекет иелігінде
- Куә - куәлік - куәландыру - куәгер
- Көмек - көмектесу - көмектескеніңіз
- Айналу - айналым - айналымда болу
- Күн - күнделік - күнделікті - күнтізбе

# ТӨМЕНДЕГІ ЖАҒДАЯТ БОЙЫНША КЕЛІСІМШАРТ ТҮРЛЕРІН ЖАЗЫҢЫЗ.



Келісімшарт бойынша үйдің иесі Р.Б.Исаева.  
Ол қоныс аударуына байланысты үйді Садықова Алмаға  
сатып кету керек. Үйді сату келісімшартын жасаңыз.  
Қандай келісімшарт түрі жасалады?





## СУРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРІҢІЗ

- Келісімшарт қандай құжат?
- Ол қандай жағдайларда жасалады?
- Қатысатын адамдар санына қарай қандай келісімшарттар жасалады?
- Келісімшарттар қайда куәландырылады?
- Келісімшарт неше дана етіп жасалады?
- Көлік сату-сатып алу туралы келісімшартта қандай мәліметтер беріледі?

# ҮЙГЕ ТАПСЫРМА :

- Сіз «Атакент» сауда орталығында орналасқан бутигіңізді сату - сатып алу туралы келісімшарт жасасыңыз.
- ЖШС мекемені сату үшін қандай келісімшарт жасар едіңіз?

# ТӨМЕНДЕ БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАНЫ SMS CHAT АРҚЫЛЫ ЖОЛДАҢЫЗДАР .

## ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫҢЫЗ

Нижеподписавшиеся, составление договора, заключили настоящий договор о нижеследующем, указанная автомашина принадлежит мне, на основании технического паспорта, выданного Госавтоинспекцией, до заключения настоящего договор машина никому не продана, не заложена, под арестом не состоит, договора составлен в трех экземплярах, настоящий договор удостоверен мной, договор подписан сторонами в моем присутствии, подписи сторон, личность сторон установлена, дееспособность сторон проверена, текст договора прочитан вслух.